

Ақтөбе облысының Алға, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Шалқар аудандарының кейбір елді мекендерін тарату туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 490 қаулысы және Ақтөбе облыстың мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 479 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6570 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 11 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Алға, Ырғыз, Мәртөк, Мұғалжар және Шалқар аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отыра, Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тұрақты халқының саны елу адамнан аспайтындығына байланысты, жекелеген аудандардың төменде аталған ауылдары таратылып, тұрғындары сол ауылдық округтегі жақын елді мекендердің құрамына қосылсын.

1) Алға ауданы бойынша:

Маржанбұлақ ауылдық округінің Қарағандысай ауылы таратылып, таратылған ауылдың тұрғындары жақын орналасқан Маржанбұлақ ауылдық округінің Қайындысай ауылының құрамына қосылсын;

2) Ырғыз ауданы бойынша:

Ырғыз ауылдық округінің Қалалықөл ауылы таратылып, таратылған ауылдың тұрғындары жақын орналасқан Ырғыз ауылдық округінің Ырғыз ауылының құрамына қосылсын;

3) Мәртөк ауданы бойынша:

Байнассай ауылдық округінің 13 жылдық Қазақстан ауылы таратылып, таратылған ауылдың тұрғындары жақын орналасқан Байнассай ауылдық округінің Байнассай ауылының құрамына қосылсын;

4) Мұғалжар ауданы бойынша:

Жұрын ауылдық округінің Изембет станциясы және Мұғалжар ауылдық округінің № 57 "Tас" разъезді таратылып, таратылған елді мекендердің тұрғындары жақын орналасқан Жұрын ауылдық округінің Көбелей және Мұғалжар ауылдық округінің Мұғалжар ауылдарының құрамына қосылсын;

5) Шалқар ауданы бойынша:

Кішікүм ауылдық округінің Шағыр және Сардүлек разъездері, Қауылжар ауылдық округінің Көкпек (№ 66 разъезд) және Бұйректөбе (№ 67 разъезд), Тоғыз ауылдық округінің Қаратал, Қопатай және Ушқурай разъездері, Бершүгір ауылдық округінің Қарабұлақ ауылы таратылып, таратылған елді мекендердің тұрғындары жақын орналасқан Кішікүм ауылдық округінің Шілікті ауылының және Шоқысу станциясының, Қауылжар ауылдық округінің Ұлпан станциясының, Тоғыз ауылдық округінің Көпмола станциясының, Бершүгір ауылдық округінің Сарысай ауылының құрамына қосылсын.

2. "Ақтөбе облысы бойынша статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне сәйкесінше өзгерістер енгізсін.

3. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын облыстың әкімшілік-аумақтық құрылышына жүргізілген өзгерістермен сәйкестендірсін.

4. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

O. Уразалин

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Ж. Мухамбетпаизова

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

C. Калдыгулова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК